

Мемлекеттік заемдарды тарту арқылы іске асырылатын жобаларды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру тетігі туралы<*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 маусы N 695

"Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 141 P960141_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес Республикалық бюджеттен

жобаларды қоса қаржыландыру тетігі бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. Қаулының атауы, 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.07.23.
N 1152 қаулысымен.

P971152_

2. Жобаларды қоса қаржыландырудың бюджеттік қаражатын нысаналы пайдалануға бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
5 маусымдағы N 695
қаулысына қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша мәтініне өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің
1997.07.23. N 1152 қаулысымен. P971152_
ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1998.09.16.
N 913 қаулысымен. P980913_

Мемлекеттік заемдарды тарту арқылы іске асырылатын жобаларды
республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру тетігі туралы

Осы тетік Халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдары мен донор елдердің
Қазақстан Республикасының дамуына ресми жәрдемдесу шеңберіндегі займдары мен
кепілдіктері қаражатынан қоса қаржыландырылатын жобаларды жүзеге асыруға
Республикалық бюджеттен қатыстырудың тәртібін белгілейді.

Республикалық бюджеттен қоса қаржыландыруға басым жобалар жатады, олардың
бюджеттен қоса қаржыландыру көлемдері көрсетілген тізбесін Қазақстан
Республикасының Үкіметі бекітеді.

Республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру көлемін Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің келісімі мен министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге
орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ мүдделі ұйымдардың
ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі белгілейді.

Жобаларды бюджеттен қоса қаржыландыруға қажетті жобалар кезекті жылға
арналған республикалық бюджетінің жобасында көзделеді.

Республикалық бюджеттен жобаларды қайтарымды негізде қоса қаржыландыруды
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

түпкілікті заемшыларды тікелей қаржыландыру;
түпкілікті заемшыларға кейін несие беруі үшін екінші деңгейдегі банктерде
н ы с а н а л ы н е с и е л е р б е р у ;

түпкілікті заемшыларға қызмет көрсетуші агент-банкіні белгілей отырып несие беру
ж о л ы м е н ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен түпкілікті
заемшылар арасында жасалған келісімдерде не Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі мен екінші деңгейдегі банктер арасындағы несие келісімдерінде қайтару
кепілдіктері, аманат міндеттемелері, өтеу кестесі, өсім ставкасы, сондай-ақ
республикалық бюджетке негізгі борыш пен проценттік төлемдерді уактылы және
толық өтеу үшін жауапкершілік белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында көзделген жағдайларда аталған
жобаларды қоса қаржыландыру қайтарымсыз негізде жүзеге асырылады.

Жобаларды қоса қаржыландыру үшін бюджеттік қаражат түпкілікті алушыларға

қайтарымды, ақылы негізде, жасалған келісімдерге келісілетін қайтару кепілдігі мен аманаттық міндеттемелер болған жағдайда бөлінеді.

Жобаларды бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын алуға өкілетті адамдардың қол қою үлгілерін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК